

**«Гүлдер» жекеменшік балабақшасы қамқоршылық кеңес отырысы
ХАТТАМА №1**

Өтілген күні: 25.09.2024 жыл

Қатысқандар: 12 адам

Комиссия мүшелері: Авганова Айнура
Таумуратова Мухаббат
Асылбаева Н
Шахидинов Адилбек Омарқожаұлы
Ақберген Ақерке Бақдәулетқызы
Сарыбас Салтанат
Овезов Атамұрат Есенұлы
Жарасқызы Іңкәр

Шақырылды: Балабақша басшысы – М.Е.Овезова
Балабақша есепшісі – Ж.Е.Орынбасарова
Балабақша медбикесі – М.Б.Бультекова
Балабақша әдіскері – Р.С.Изтурганова

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығында көрсетілген талаптарға сәйкес балабақша жанынан қамқоршылық кеңесін құру, Ережесімен танысу.
2. Қамқоршылық кеңесінің төрағасын сайлау.
3. Қамқоршылық кеңестің құрамын бекіту.
4. 2024/2025 оқу жылына қамқоршылық кеңестің жұмысын талқылау.

Тыңдалды 1-мәселе:Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі М.Е.Овезова ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына сәйкес қамқоршылық кеңестің мақсаты мен міндеттері туралы түсіндірме берді. Кеңес мүшелері ережемен танысып, бірауыздан мақұлдады. Балабақшадағы құрылып отырған Қамқоршылық кеңесінің мүшелігіне әрбір топтан бір ата-ана, жергілікті атқарушы органдардың өкілінен келісім беріп отырғанын айтты.

Тыңдалды 2-мәселе:Екінші мәселе бойынша, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері арасынан төраға сайлану қажеттігі айтылды. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері өзара пікірлесе келіп, Қамқоршылық кеңесінің төрағалығына Қызылтөбе селосы дәрігерлік амбулаториясының дәрігері «Ақбидай» тобының ата-анасы Қыдырәлі Ғ.А ұсынды.

Қамқоршылық кеңесінің хатшысы болып балабақша әдіскері Р.С.Изтурганова тағайындалды.

Тыңдалды 3-мәселе: Көпшілік дауыспен қамқоршылық кеңестің құрамы бұрынғы қалпында қалдырылды. «Гүлдер» жекеменшік балабақшасы қамқоршылық кеңес құрамына:

Авганова Айнура - «Жауқазын» тобының ата-анасы

Асылбаева Назгүл - «Раушан» тобының ата-анасы

Шахидинов Адилбек Омарқожаұлы - Ардагер педагог

Ақберген Ақерке Бақдәулетқызы - Мұнайлы АПБ ҚҚБ УПИ полиция майоры

Сарыбас Салтанат - «Қызғалдақ» тобының ата-анасы

Овезов Атамұрат Есенұлы - Жеке кәсіпкер

Жарасқызы Іңкәр - «Ақбидай» тобының ата-анасы

Тыңдалды 4-мәселе:

Төртінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары талқыланды. Меңгеруші М.Е.Овезова қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарына балабақшадағы мемлекеттік қызмет көрсетуді (балаларды балабақшаға қабылдау), тамақтануды ұйымдастыру, балабақшадағы білім беру қызметінің сапасы сияқты мәселелерді қоюға болатыны жайлы ұсыныс айтты.

Қамқоршылық кеңес мүшелері жұмыс жоспарының жобасын талқылап, өз ойларын ортаға салды. Келесі отырыста балабақшадағы мемлекеттік қызмет көрсетуді, 2024–2025 оқу жылына арналған балабақшаның жұмыс жоспарымен, қойылатын мақсат, міндеттерімен танысу мәселелері қаралатын болса, одан кейінгі отырыстарда тамақтануды ұйымдастыруды бақылау, балабақшада жүргізілетін науқастанудың алдын алу және сауықтыру шаралары бойынша жұмыстармен танысу, бала құқығының қорғалу жағдайы бойынша атқарылып жатқан жұмыстармен танысу, түзете-дамыту жұмыстарының барысы, жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру шараларымен танысу, жазғы сауықтыру мезгіліндегі іс-шараларды бірлесе өткізуді жоспарлау, қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстары жайлы есеп беру сияқты мәселелер қарастырылатын болды.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері осы мәселелер бойынша жұмыс жоспарының бекітілуіне келісті.

Шешім:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығында көрсетілген талаптарға сәйкес балабақша

жанынан қамқоршылық кеңесін құрылсын, ережесімен таныстырылсын.

2. Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің ұсынысы бойынша төраға болып Асылбаева Назгүл сайлансын.
3. Кеңес құрамына төмендегі тұлғалар бекітілсін: «Гүлдер» жекеменшік балабақшасы қамқоршылық кеңес құрамына:

Авганова Айнура - «Жауқазын» тобының ата-анасы

Асылбаева Назгүл - «Раушан» тобының ата-анасы

Шахиidinov Адилбек Омарқожаұлы - Ардагер педагог

Ақберген Ақерке Бакдәулетқызы - Мұнайлы АПБ ҚҚБ УПИ полиция майоры

Сарыбас Салтанат - «Қызғалдақ» тобының ата-анасы

Овезов Атамұрат Есенұлы - Жеке кәсіпкер

Жарасқызы Іңкәр - «Ақбидай» тобының ата-анасы

4. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары бекітіліп, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:  Асылбаева Н

Хатшы:  Изтурганова Р